

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ

Басқармасының

2021 жылдың 16 сәуіріндегі

шешімімен бекітілген

(№ 15 хаттама)

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»

дербес білім беру үйымы филиалдарының оқушыларын қорғау

Саясаты

1. Жалпы ережелер

1. Негізгі қызметі білім беру ісі болып табылатын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйымы филиалдарының (бұдан әрі – Филиалдар) оқушыларын қорғау жөніндегі осы саясат (бұдан әрі – Саясат) филиалдар оқушыларының физикалық және психологиялық сау-саламаттылығын қамтамасыз етуге бағытталған негізгі қағидаттар, ережелер мен рәсімдер жүйесінен тұрады.

2. Саясаттың құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылдың 8 маусымындағы № 77-XIII қаулысымен ратификацияланған Бала құқықтары туралы Конвенциясы, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Қазақстан Республикасының рәсімдік-процестік» Кодекстері, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары» Заңы, «Білім беру туралы» Заңы, «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев қоры» мәртебесі туралы Заңы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйымдары педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген қызметкерлердің кәсіби этикалық кодексі, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйымының (бұдан әрі – Ұйым) этикалық кодексі, Ұйым оқушыларының ішкі тәртіп ережелері, Ұйымның ақпараттық қауіпсіздік саясаты, Ұйым қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілік ережелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

2. Оқушыларды қорғау Саясатының қағидаттары

3. Осы Саясаттың негізгі қағидаттары:

1) Абсолютті тәзбеушілік қағидаты. Филиалдар қызметкерлерінің, заңды өкілдерінің, серіктес қызмет көрсетушілердің тарарапынан оқушыларға қатысты қатыгездік, қорлау, кемсіту (дискриминация) әрекеттеріне тыйым салынады, әрбір құқықбұзушылық және заңсыз әрекеттер жауапқа тартылады.

2) Жеке жауапкершілік. Филиалдардың барлық қызметкерлері Ұйымның ішкі нормативтік актілеріне сәйкес этикалық ережелерді сақтауы тиіс.

Қызметкерлер Саясатты жүзеге асыруға жауапты және филиалдардың оқушыларына қатысты қатыгез қарым-қатынасты болдырмаудың алдын алу шараларын қолдануға, сондай-ақ осы Саясаттың ережелеріне сәйкес кез-келген құқықбұзушылықтарға жол бермеуге міндetti.

3) Жалпыға ортақ міндettілік. Саясаттың ережелерін орындау филиалдардың оқушыларымен өзара байланыста болатын барлық адамдар үшін міндettі болып табылады.

4) Оқушы мұддесінің басымдығы. Кез келген мәселе туындаған жағдайда оқушы мұддесіне, оны қорғауға, қауіпсіздігі мен сау-саламаттылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ оның физикалық, әлеуметтік және психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға басымдық беріледі.

5) Тolerанттылық. Ұйым филиалдары оқу үдерісіне қатысушылардың барлығына өзара сыйластық негізінде әлеуметтік-экономикалық, мәдени, гендерлік және басқа да айырмашылықтарын түсінуге және қабылдауға негізделген қолайлы орта құруға ұмтылады.

6) Қауіпсіздік. Оқушылардың қауіпсіздігі мен қорғалуы Ұйым филиалдарының жұмысындағы негізгі басымдық болып табылады.

7) Құпиялылық. Оқушыларға қатысты қатыгездік туралы барлық мәселелер, сондай-ақ өтініштерді тексеру мәліметтері оқушыларды қорғау, олардың қауіпсіздігін және ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету негізінде өткізіледі.

8) Құрмет. Ұйым және филиалдары қабылдаған шешімдер оқушылардың құқықтарын, абырайын, тандауын, қажеттіліктері мен мұдделерін құрметтеуге бағытталуы керек.

9) Уақтылы әрекет ету. Оқушыларға қатысты қатыгездіктің алдын алу, анықтау, тергеу және сондай өтінішке уақтылы жауап беру қамтамасыз етіледі.

10) Үйнімақтастық. Осы Саясаттың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында филиалдар оқушылардың заңды өкілдерімен, филиалдың салааралық команданың құрамына кіретін сыртқы ведомстволар мен ұйымдардың мамандарымен (ішкі істер, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және қамқоршылық органдарының, білім беру басқармаларының, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың және т.б. қызметкерлерімен) бірлесе отырып әрекет жасайды.

11) Нәтижелілік. Салааралық команданың бірлескен әрекетінің нәтижесі оқушылардың мінез-құлқындағы және олардың тікелей айналасындағы (мектептегі, сыныптағы, құрдастары арасындағы, отбасындағы және т.б.) он өзгерістер болып табылады.

3. Осы Саясатта келесі анықтамалар қолданылады:

Агрессор – басқа оқушыға және/немесе оқушыларға қатысты агрессиялық, зорлық-зомбылық сипаттағы әрекет көрсететін ересек адам (мектеп жұмысшысы, заңды өкілі немесе басқа адам), оқушы немесе оқушылар тобы.

Сау-саламаттылық – оқушыларға өмірлік қажеттіліктерін өтеуге көмектесетін физикалық, психикалық, әлеуметтік және тағы басқа да жағдайлар мен мүмкіндіктер.

Буллинг – басқа адамдар, оның ішінде оқушылар немесе мектеп қызметкерлері тараپынан белгілі бір оқушыға (зардал шегушіге) қатысты физикалық, психологиялық, сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық жасалуы, агрессиялық қудалауы.

Жағдаятты жүргізу (кейс-менеджмент) – оқушының жеке қажеттіліктері мен оны қоршаған ортаның мүмкіндіктеріне қарай көмек көрсету арқылы оқушыға қатысты қатыгездік жағдаяттарды шешуге бағытталған салааралық команданың (мектеп қызметкерлері мен ведомствоаралық мамандардың өзара әрекеті) бірлескен әрекетін үйлестіру.

Ересек – бұл оқушылармен қарым-қатынас жасайтын мектеп жұмысшысы, оқушылардың занды өкілі, қызмет көрсетушілер мен 18 жасқа толған басқа да адамдар.

Тәртіптік тергеу – оқушыларға қатыгездік көрсету туралы ақпаратты уақтылы, жан-жақты, толық, әділ зерттеу және ықтимал қауіп-қатерді бағалау, шешім қабылдау үшін фактілерді анықтау әрекеттері.

Оқушыларға қатыгездік жасау – бұл занды өкілдер, мектеп қызметкерлері, оқушылар және басқа да адамдар тараپынан жасалатын оқушының физикалық, психологиялық денсаулығына зиян келтіретін түрлі әрекеттер (немесе әрекетсіздік), оларға сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық көрсету, сондай-ақ оқушылардың қажеттіліктерін елемеу және тәрбиенің жол берілмейтін тәсілдерін қолдану.

Қорғау және қауіпсіздік – бұл Ұйымның, филиалдардың оқушыларды жағымсыз жағдайлар мен физикалық, психологиялық, сексуалдық зорлық-зомбылықтан, қажеттіліктерді ескермеуден, денсаулыққа, өмірге және одан әрі дамуға зиян келтіретін қауіп-қатерден қорғау үшін қабылдайтын шаралары.

Кибербуллинг – басқа оқушылар мен ересектер тараپынан электрондық коммуникация құралдары, атап айтқанда, әлеуметтік желілердегі, мессенджерлердегі хабарламалар, электрондық хаттар арқылы оқушыны (зардал шегушіні) қорқыту, қауіп төндіру, қорлау, жәбірлеу, тіл тигізу сияқты қатыгездік жасау түрлері.

Салааралық команда – оқушыларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайын шешу үшін бірлескен іс-қимылдарды жоспарлауды, іске асыруды, үйлестіруді, мониторингілеуді және бағалауды жүзеге асыратын филиал қызметкерлері мен басқа да ұйымдардың (ішкі істер, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және қамқоршылық органдарының, білім басқармаларының, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың және т.б.) мамандарынан тұратын топ.

Өтініш – бұл филиал қызметкерлерінің, занды өкілдердің, басқа адамдардың (оның ішінде оқушылардың) тараپынан оқушыларға жасалған қатыгездік, соның ішінде психологиялық, сексуалдық қысым көрсету, күш қолдану, олардың мұддесін, мұқтаждықтарын қадірлемеу, сондай-ақ оқушыларға қатысты құқыққа қайши әрекеттер, құқық бұзушылықтар,

қылмыстық әрекеттер және оқушылармен жұмыс істеуге жарамсыз басқа да әрекеттер туралы кез келген өтініш.

Зардап шегуші – ересектер (мектеп қызметкерлері, занды өкілдер, оқушылар және басқа адамдар) тарапынан қатыгездікке ұшыраған немесе оған қатысты психологиялық, физикалық және (немесе) мүліктік зиян келтірілген оқушы.

Психологиялық (эмоционалдық) зорлық-зомбылық – оқушыға ұзақ уақыт бойы үздіксіз психикалық ықпал ету арқылы көрінетін, жеке тұлғаның дамуына кедергі келтіретін, патологиялық сипаттағы белгілердің қалыптасуына әкелетін қатыгездік түрі.

Ықтимал құқық бұзушы – оқушыға қатыгездік жасады деп айыпталатын, филиал қызметкерлері және/немесе салааралық команда тарапынан оның әрекетіне қатысты тәртіптік тергеу жүргізілетін адам.

Баланың мұддесін құрметтемеу/қажеттіліктерін ескермеу – бұл ересектер тарапынан қамқорлықтың болмауынан, тәрбие берудегі міндеттерін дұрыс орындауынан, медициналық көмекпен, біліммен, тамақпен уақтылы қамтамасыз етпеуінен, сондай-ақ баланы өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайда қалдыруынан көрінетін қатыгездік түрі.

Қызметкерлер – мектепте енбек шарты бойынша уақытша жалданған және тұрақты жұмыс істейтін адамдар, оның ішінде әкімшілік қызметкерлері, педагогтер, педагогтерге теңестірілген адамдар, оқушылардың қауіпсіздігі мен қорғауын қамтамасыз етуге жауапты көмекші және техникалық қызметкерлер.

Оңалту – оқушыға қатысты қатыгез қарым-қатынас салдарынан келген зиянды түзетуге, олардың басынан өткен зорлық-зомбылық пен жағымсыз жайларды енсеруі және дамуындағы қыындықтарды женуі үшін эмоционалдық қолдау көрсетуге бағытталған әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық көмек жүйесі.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – бір отбасы мүшесінің отбасындағы басқа адамға (ата-аналарына/қамқоршыларына, ата-әжелеріне, аға-інілеріне/апа-сінлілеріне) қатысты физикалық, психологиялық, сексуалдық, экономикалық зорлық-зомбылықпен байланысты қатыгез әрекет түрі.

Сексуалдық зорлық-зомбылық – азғындық сипаттағы іс-әрекеттерге мәжбүрлеу: баланың жыныстық органдарына қол жүгірту, сексуалдық сипаттағы әрекеттер жасау, қысым көрсету, сондай-ақ тікелей жыныстық қатынаска түсу.

Мектеп қауіпсіздігі қызметі – оқушыға қатыгез қарым-қатынас жағдайының алдын алуға, анықтауға, әрекет етуге, сондай-ақ оқушылар мен олардың отбасыларына көмек көрсетуге жауапты филиал қызметкерлерінің командасы, оның ішінде әкімшілік өкілдері, педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген адамдар, көмекші және техникалық қызметкерлер.

Ықтимал қауіп-қатер факторлары – бұл оқушылардың денсаулығы мен өміріне зиян келтіретін және ықтимал қауіп-қатер жағдайын арттыратын факторлар.

Осалдық факторлары – оқушыларға зиян келтіретін, денсаулыққа және өмірге қауіп төндіретін кез келген белгілі сипаттамалар немесе факторлар.

Корғаныс факторлары – бұл оқушыларға қатысты зорлық-зомбылыққа тоқтау қоятын, ересектерге деген құрметті сақтауға, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға мүмкіндік беретін факторлар.

Физикалық зорлық-зомбылық – оқушылардың физикалық, психологиялық денсаулығын бұзатын, олардың одан әрі дамуына теріс әсер ететін қасақана тәндік зақым келтіру.

Оқушыларды пайдалану – бұл оқушыны басқа адамдардың немесе мекемелердің игілігі үшін жұмысқа немесе басқа қызметке мәжбүрлеу, сондай-ақ мектеп әкімшілігі мен қызметкерлерінің оқушылардың енбегін білім беру және тәрбие үдерісінің белгіленген ережелері мен нормаларына, мақсаттары мен қағидаттарына қайшы пайдалану.

4. Оқушыларға қатыгез қарым-қатынастың түрлерін, сипаттарын анықтау барысындағы қызметкерлердің жауапкершілігі

4. Филиал қызметкерлері оқушыларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларымен (тұрмыстық зорлық-зомбылық, көшедегі шабуылдар, интернеттегі қауіпті мінез-құлық көріністері және т.б.) мектепте де, мектептен тыста да кездесуі мүмкін.

5. Филиал қызметкерлері оқушыларға қатысты қатыгез қарым-қатынас белгілерін тануға, хабарлауға, анықтауға, соған сәйкес әрекет етуге, өз құзыреттері шенберінде көмек, қолдау көрсетуге міндетті.

6. Филиал қызметкерлері кішігірім сигналдар, құдіктер, хабарламалар түссе (мысалы, оқушы отбасындағы зорлық-зомбылықтың күесі болса және сол туралы айтса) немесе баланың жақын таныстары бұл туралы хабарласа, араласуға міндетті.

7. Осы Саясатта оқушыларға қатысты қатыгездіктің түрлері мен сипаттарының мынадай жіктемесі пайдаланылады, олар: физикалық (дене), психологиялық, сексуалдық зорлық-зомбылық, мұқтаждықтарды/қажеттіліктерді елемеу (оның ішінде қауіпті жағдайдың қалдыру), жұмысқа пайдалану, буллинг/қудалау, кибербуллинг (1-қосымша).

8. Оқушыларға қатысты қатыгез қарым-қатынас жағдайларын шешу кезінде филиалдардың қызметкерлері зорлық-зомбылықтың барлық түрлерін және олардың оқушылардың дамуына көрі әсер ететін салдарларын кешенді түрде қарастыруы керек.

9. Білім берудің физикалық ортасы (мектеп ғимараты, мектеп аумағы) қауіпсіз, қолжетімді және жақсы жарықтандырылған жерлерде орналасуы, бейнекамералармен жабдықталуы керек, сондай-ақ мектеп қызметкерлерінің көру және бақылау аумағында болуы тиіс.

5. Қауіпсіз физикалық ортаны қамтамасыз ету

10. Ғимараттың іші, мектеп аумағы қауіпсіз, қолжетімді және жақсы жарықтандырылған жерлерде орналасуы, бейнекамералармен жабдықталуы, сондай-ақ мектеп қызметкерлерінің көру, бақылау аумағында болуы тиіс, яғни балаларды сыртқы шабуылдан, зорлық-зомбылықтан қорғауға бейімделген болуы керек.

11. Филиал директоры оқушылардың денсаулығын, қауіпсіздігін және қорғалуын қамтамасыз ету үшін кәсіби күзет компанияларының (қауіпсіздік қызметінің) қызметтерін пайдалануы тиіс.

12. Қауіпсіздік қызметкерлері келесі шараларды орындауы тиіс:

- мектепке келушілерді, қызметкерлерді, оқушыларды тексеру және тіркеу;

- мектеп қызметкерлері мен оқушылардың/балалардың рұқсаттамаларының бар-жоғын тексеру;

- "сұр аймақтарды" (баспалдақтардың асты, шатырлар, дәретханалар, жертөлелер, коммуналдық бөлмелер және т.б.) бақылау (онда балалар бір-бірін қамап тастауы, зиянды заттарды қолдануы, қақтығысуы, басқалар тарапынан қорлауға, қорқытуға, зорлық-зомбылыққа ұшырауы мүмкін);

- ашық жерлерді (сыныптар, дәліздер, асхана, кітапхана және басқа да оқу үй-жайлары) бейнебақылау;

- ғимаратқа бөгде адамдардың кіруін шектеу, оларды қауіпсіздік қызметі жүйесінде тіркеу, мектеп ішінде ілесіп жүру;

- мектеп қызметкерлерінің, келушілердің оқушыларға арналған дәретхана бөлмелерін пайдалануына жол бермеу және бақылау.

6. Ұйым тарапынан оқушыларға қатыгездіктің алдын алу, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қорғауды үйлестіру және филиал басшылығы мен қызметкерлерінің жауапкершілігі

13. ДББҰ оқушыларға қатысты қатыгез қарым-қатынастың кез келген түріне төзбеу жағдайын жасауға және қолдауға, филиалдарда осы Саясатты сақтауға ықпал етуге міндетті.

14. Оқушыларға қатыгез қарым-қатынастың алдын алу, оларды қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз етуді үйлестіру жұмысын ДББҰ-ның оқушылардың сау-саламаты, физикалық және психологиялық денсаулығы мәселелерін үйлестіретін құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.

15. Филиалдардың басшылары осы Саясатты іске асыруға дербес жауапты болады, оқушылардың сау-саламатын қолдауға ықпал ететін жағдайлар мен рәсімдерді қамтамасыз етеді.

16. Филиалдардың барлық қызметкерлері осы Саясатпен танысып, оқудан өтіп, мектептегі кәсіби жауапкершілікке сәйкес әрекет етуі керек (2-қосымша).

17. Оқушыларды қорғау мәселелерін шешу, сондай-ақ мектепте, мектепке баар жолда, мектептен тыс жерлерде оқушыларға қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау үшін филиал басшысы мектеп қауіпсіздігі қызметін

(бұдан әрі – МҚҚ) құру және оның жұмыс істеуі туралы бүйрық шығарады (3-қосымша).

18. МҚҚ мектеп қызметкерлерін, занды өкілдерді, оқушыларды оқыту жұмысын жүзеге асырады (4-қосымша), оқиға туралы хабарлама алады, оны тіркейді, ықтимал қауіп-қатерді бағалайды, психологиялық-педагогикалық көмек береді, оқушыларға қатысты қатыгез қарым-қатынастың төріс салдарларынан оңалтуға көмек және қолдау көрсетеді.

19. Филиалдарға келуші адамдар Келушілерге арналған нұсқаулыққа (5-қосымша) сәйкес жауапкершілік пен тәртіп ережелерін ұстанады және өз келісімін қол қоюмен куәландырады.

7. Оқушыларға қатыгездік көрсету жағдайларының алдын алу

20. Оқушыларға қатысты қатыгездік жағдайларының алдын алу мектепте оқушылардың қорғалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы қолжетімді нормативтік құжаттардың және оқушыларға қатыгездік қатерін туғызбайтын кадрларды іріктеу ресімдерінің болуын, жаңадан қабылданған қызметкерлерді, еріктілер мен қызмет көрсетушілерді оқытуды, оқушыларға сабакта және сабақтан тыс іс-шараларда қауіпсіздік жөнінде дәрістер беруді, қауіпсіз білім беру ортасын жасауды, ата-аналар мен жергілікті қауымдастықты профилактикалық іс-шараларға тартуды, оқушыларға қатыгездікпен қарау жағдайларын тіркеу, есепке алу және мониторингілеуді білдіреді.

21. Филиалдардағы оқушылардың қорғалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектеп қызметкерлері мен еріктілерді жалдауда мынадай қауіпсіздік шаралары сақталуы тиіс:

1) жұмысқа тұрғысы келетін үміткерлердің саул намасын, өмірбаян деректерін, ұсыныс хаттарын, үәкілетті органдардан алынған анықтамаларын тексеру, алдыңғы жұмыс орнынан ақпарат сұрату;

2) филиал қызметкерлерін кәсіби аттестаттау талаптарына этикалық нормаларды, осы Саясатты, ҚР заңнамасына сәйкес оқушыларға қатысты құқықбұзушылықтар мен заңсыз іс-әрекеттер үшін қабылданатын тәртіптік шараларды білу шарттарын енгізу;

3) бос жұмыс орнына қабылдарда үміткерлерді еңбек шартына қол қойmas бұрын осы Саясатпен, заңсыз іс-әрекеттер үшін қолданылатын тәртіптік шаралармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықбұзушылық үшін жауапкершілік талаптарымен таныстыру;

4) филиалдарға жаңадан қабылданған қызметкерлер мен еріктілерді оқушыларды қорғау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша оқыту;

5) филиалдардың кадрлар қызметіне оқушыларға қатысты заңсыз іс-әрекеттер мен құқықбұзушылықтар жасаған және белгілі бір тәртіпке сәйкес кінесі анықталған қызметкерлер туралы хабарлау;

6) болашақта осы адамдардың қайта жұмысқа орналасуын болдырмау үшін филиалдарда оқушыларға қатыгездік көрсету жағдайлары, еңбек шартын

бұзу/тоқтату себептері, жұмыскерлерге қолданылған кез келген тәртіптік шаралар тіркелетін есепке алудың ішкі жүйесін енгізу;

22. Филиал қызметкерлеріне оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оқушыларға қатыгездік көрсету жағдайларының алдын алу мақсатында:

1) оқушыларды үйге шақыруға;

2) оқушыларды филиалдар ұйымдастырған оқу-тәрбие іс-шараларын өткізу орындарынан басқа жерлерге: дәмханаларға, мейрамханаларға, клубтарға және басқа да қоғамдық орындарға шақыруға;

3) орынсыз (ыңғайсыз) физикалық байланыс жасамауга міндettі, алайда баланың қауіпсіздігі мен дұрыс тәрбие алуы үшін байланыс жасауға болады, ондай байланысқа төмендегілер жатады:

- оқушының өзіне немесе басқа оқушыларға зиян келтірмеу үшін шектеулер жасауы;

- оқушының қауіппі жағдайдан күш қолдану арқылы шыгару;

- жұбату, мысалы, қолмен иықты, арқаны немесе қолды сипау, т.б.;

- иықты жене тұрту арқылы назар аударту және т.б.

4) оқушымен жабық үй-жайда жалғыз қалуға (егер мұндай қажеттілік туындаса, себебін негіздей отырып, оқушымен жалғыз қалу қажеттілігі туралы хабардар етуге, не кездесу өткізуге тікелей жақын жерде тағы бір ересек адамның болуын қамтамасыз етуге және оқушыны осындай адамның жақын жерде екендігі туралы хабардар етуге міндettі);

5) оқушылармен олардың қауіпсіздігіне немесе басқа оқушылардың қауіпсіздігіне тікелей байланысты болуы мүмкін құпияны сақтау туралы келісуге;

6) жеке әңгімелескенде, сондай-ақ әлеуметтік желілерде, бұқаралық коммуникация құралдарында (мысалы, WhatsApp, Viber, Вконтакте, Facebook және басқа да мессенджерлерде) адамды кемсітетін, қорлайтын, сексуалдық сипаттағы сөздер айтуда, пікірлер қалдыруға;

7) оқушыларға қатысты фото, видео, мәтіндік электрондық хабарламаларды сексуалдық мақсатта пайдалануға;

8) оқушылардың атынан профильдерін жасауға, оқушылардың сандық фотосуреттерімен қатар әдепсіз фотосуреттерін, басқа да материалдарды таратуға;

9) сыныпта және жеке жерде қорқытуға, қорқыныш атмосферасын туғызуға;

10) денеге зардал келтіру қаупі немесе қауіп-қатер туындаған жағдайда, сондай-ақ шұғыл әрекет ету және медициналық көмекке қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет болған жағдайларда әрекетсіз қалуға;

11) кез келген түрде кемсітушілік білдіруге;

12) сексуалдық, физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтың кез келген түрін (күш көрсету әрекеттерін қоса алғанда) жүзеге асыруға;

13) оқушылардың өзін-өзі бағалау сезімін қорлауға және орынсыз жазалар қолдануға, мысалы, оқушыны бұрышқа қоюға, кекесін пікірлерді пайдалануға және т.б. тыйым салынады.

23. Филиалдардың оқушыларына:

1) басқа адамдарға кез келген түрде кемсітушілік білдіруге;

2) басқа оқушылардың, мектеп қызметкерлерінің, олардың заңды өкілдерінің және туыстарының атына, оның ішінде Интернет арқылы орынсыз, қорлайтын сөздер, пікірлер айтуда;

3) оқушылардың денсаулығына және денесіне, сондай-ақ мұлкіне зиян келтіруге;

4) кез келген қысым түрлері мен көздерін (оның ішінде әлеуметтік желілерді) пайдалана отырып, басқа оқушыларды қорқытуға, сыныпта, мектепте қорқыныш пен оқшаулану атмосферасын туғызуға;

5) интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын бұзуға, атап айтқанда:

- өзі және басқа оқушылар туралы жеке мәліметтерді бөгде адамдарға хабарлауға;

- әлеуметтік желілерде профиль жасау кезінде құпиялықты, деректердің тұтастығын, анонимділікті бұзуға;

- бейтаныс адамдармен интимдік фотосуреттерімен, хабарламаларымен, құжаттарымен бөлісуге;

- бейтаныс адамдармен сөйлесуге, мекенжайын хабарлауға, отбасы туралы ақпарат беруге;

- оңай болжанатын парольдер жасауға тыйым салынады;

6) Филиалдардың оқушылары:

- онлайн ойын ойнау, онлайн сатып алу кезінде қауіпсіздікті сақтауға, сайттарды және келген ақпаратты тексеруге;

- әлеуметтік желілерде этикалық мінез-құлықты сақтауға міндettі.

24. Оқушылардың заңды өкілдеріне:

1) оқушыларды қорғау және олардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша мектептегі ұйымдастырушылық, ақпараттандыру, оқыту іс-шараларына, «балалар – ата-аналар» бағдарламаларына қатысады назардан тыс қалдыруға;

2) оқушыларға тәрбиенің күштеу әдістерін, қатал жазалау және тәртіп шараларын қолдануға, оларды отбасылық, ерлі-зайыптылық жанжалдарды шешуде пайдалануға, олардың жасына, мүмкіндіктеріне, қажеттіліктеріне сәйкес келмейтін міндettter мен талаптар қоюға;

3) мектеп қызметкерлерінің қатысуынсыз мектепте болған инциденттерді, қақтығыстарды өз бетінше шешуге, басқа оқушыларға физикалық әрекеттер мен психологиялық қысым көрсетуге (оның ішінде әлеуметтік желілерді, ата-аналар чаттарын және т.б. пайдалана отырып) тыйым салынады.

25. Ұйымның көшпелі іс-шараларына қатысу кезінде филиал қызметкерлері оқушылардың қауіпсіздігі үшін жағдай жасауы тиіс. Егер өткізілетін іс-шара нақты қауіпті болса (оқыту, жаттықтыру іс-шаралары) бірге еріп жүруші қызметкерлер мен оқушылардың сандық ара қатынасын

(оқушылардың жалпы саны және гендерлік қатыстырылғы бойынша) мүқият ойластыру қажет. Оқушыларға шараның өтілетін уақыты, орны және күтілетін тәртіп талабы, сондай-ақ олардың сыртқы келбеті туралы нақты нұсқаулар беру керек.

26. ДББҰ қызметкерлері, филиал қызметкерлері көшпелі іс-шараларды жоспарлау, ұйымдастыру, академиялық бағдарламалар, әлективті курстар, тағылымдамалар бойынша қызмет көрсетуге халықаралық, республикалық ұйымдармен шарттар жасасу кезінде мынадай көрсеткіштер бойынша ықтимал қауіп-қатерді бағалау деңгейлерін ескеруі қажет:

1) ықтимал қауіп-қатердің төмен деңгейі:

- саяси тұрақты, білім беру саласында экономикалық тұрғыдан табысты, оқушылардың жүріп-тұруы, оқуы, орналасуы, бос уақыты үшін қауіпсіз ел;
- сыйбайлас жемқорлық пен қылмыс деңгейі төмен, нәсілдік, діни, гендерлік кемсітушіліктен, саяси зорлық-зомбылықтан, азаматтық тәртіпсіздіктерден еркін ел;

- қауіпсіздік инфрақұрылымы, авариялық қызметтері және төтенше жағдайларда әрекет ету жүйесі бар ел;

- оқушылардың денсаулығына зардап келтіру қаупі ең төмен ел.

2) ықтимал қауіп-қатердің орташа деңгейі:

- эпизодтық саяси толқулар, наразылықтар, көтерілістер, террористік актілер бар ел;

- шетелдіктерге, жергілікті қауымдастыққа қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының деңгейі тұрақты ел;

- қауіпсіздік инфрақұрылымы, авариялық қызметтері және төтенше жағдайларда әрекет ету жүйелері әлсіз ел;

- оқушылардың қауіпсіздігін, оқитын, тұратын, жүріп-тұратын орындарын, бос уақытын ұйымдастыру деңгейі нашар ел;

- оқушылардың денсаулығын қорғау жүйесі әлсіз ел.

3) ықтимал қауіп-қатердің жоғары деңгейі:

- саяси тұрақсыздық, қауымдастық арасындағы ішкі қақтығыс кезеңдері тұрақты болатын ел;

- оқушылардың жүріп-тұруына, оқуына, бос уақыт өткізуіне, денсаулығына қауіптілігі жоғары ел;

- қауіпсіздік инфрақұрылымының, авариялық қызметтері және төтенше жағдайларда әрекет ету жүйесінің жай-күйі нашар ел;

- терроризм, бұлік, саяси толқулар нәтижесінің шетелдіктер үшін кездейсоқтық қаупі жоғары ел;

- қауымдастықта жиі кездесетін құбылыс ретінде шетелдіктерге қатысты зорлық-зомбылық, қылмыстық әрекеттер қаупі жоғары ел;

- қоғамдастықтағы алаяқтық, қылмыс деңгейі жоғары (көбінесе полицияның қатысуымен) ел;

- қоғамдастықта сыйбайлас жемқорлық, құқықтық рәсімді теріс пайдалану деңгейі жоғары ел;

- денсаулыққа зардап келтіру қаупі жоғары ел.

4) ықтимал қауіп-қатердің экстремалды деңгейі:

- соғыс, саяси тұрақсыздық жағдайындағы, үкіметі елдің көп бөлігін бақылауды жоғалтқан ел;

- қауіпсіздік инфрақұрылымының, авариялық қызмет пен төтенше жағдайларда әрекет ету жүйесі жоқ ел;

- терроризм, бұлік, саяси толқулар нәтижесінің шетелдіктер, жергілікті халық үшін кездейсоқтық қаупі жоғары ел;

- оқушылардың өмірі мен денсаулығына зардап қаупі өте үлкен ел.

8. Оқушыларға қатыгез қарым-қатынас жағдайларын анықтау

8. Оқушыларға қатысты қатыгез қарым-қатынас жағдайларын анықтау

8.1. Оқушыларға қатыгездік көрсету жағдайлары, фактілері туралы хабарлау

27. Оқушыларға қатыгездік көрсету жағдайлары туралы хабар қызметкерлер, филиалдың басқа да оқушылары, занды өкілдері немесе филиалдан тыс басқа да адамдар тарарапынан оқушыларға қатыгездік жасау күдіктері, жоспарланған және орын алған фактілер туралы ақпаратты қамтиды.

28. Қатыгез қарым-қатынас жағдайлары туралы хабарлау тәсілдері:

1) мектептегі жедел желі / сенім телефоны;

2) оқушының өзіне қатысты зорлық-зомбылық жасалғаны туралы тікелей хабарлауы;

3) оқушының басқа оқушыға қатысты зорлық-зомбылық жасалғаны туралы хабарлауы;

4) филиал қызметкерлерінің филиал оқушысына қатысты зорлық-зомбылық жасалғаны туралы хабарлауы немесе осындай әрекеттерге күдіктенуі;

5) ата-аналардың және басқа да занды өкілдердің, сондай-ақ басқа да адамдардың филиал оқушыларына қатысты күш қолдану әрекеттері туралы хабарлауы немесе осындай әрекеттерге күдіктенуі;

29. Филиал басшысы оқиға туралы ақпаратты хабарлаған адамдарға қолсұқпаушылықты және қорғауды көздеуі, сондай-ақ құпия ақпаратты жария еткені үшін жауапкершілік шаралары туралы хабарлауы қажет.

30. Оқушыларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайы туралы хабарлау тәртібі:

1) ақпарат берушілер мектепте, мектептен тыс, сондай-ақ үйде оқушыларға зорлық-зомбылық жасалды деген күдік немесе оқиға туралы сынып жетекшісіне, филиал қызметкерлеріне, мектеп қауіпсіздігі қызметінің басшысына (немесе оның орынбасарына) хабарлайды;

2) хабарлама жеке, жазбаша немесе ауызша, телефон немесе электрондық мекенжай арқылы, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі, мессенджерлердегі байланыстарды пайдалана отырып немесе кез келген өзге тәсілмен берілуі мүмкін;

3) зорлық-зомбылық жағдайына және хабарлаушыға қатысты барлық ақпарат қатаң құпия болып табылады, филиал қызметкерлерінің ақпаратты өзара талқылауына, мектеп ішінде немесе одан тыс жерлерде талқыға салуына және басқаларға беруіне тыйым салынады;

4) мектеп директоры немесе МҚҚ басшысы қажет болған жағдайда ғана және қызметкерлерді құпиялышты сақтамағаны үшін жауапкершілік туралы ескерте отырып, ақпаратты қызметкерлермен бөлісе немесе талқылай алады;

5) зорлық-зомбылық фактісі туралы ақпаратты жинауға, талдауға қатысатын қызметкерлер балаға қатысты тергеуге қажетті материалдарды жібергеннен кейін, бұл ақпаратты дербес жұмыс компьютерінен, себеттен, электрондық поштадан дереке жою керек, деректерді электрондық тасымалдағыштарға көшіру кезінде оларды парольдермен құлыптау қажет;

6) құжаттардың қағаз нұсқалары (зорлық-зомбылық фактілерін есепке алу журналы, баланың жеке ісі, тексеру материалдары және т.б.) кілттелең жабық сейфте сақталуы тиіс, оның сақталуын функционалы бойынша құпия материалдарды сақтауды қамтамасыз етуге міндettі МҚҚ қызметкери қамтамасыз етеді.

8.2. Ақпарат жинау

31. Филиал қызметкерлері ықтимал құрбандарды – оқушыларды, сондай-ақ мектепте, мектептен тыс жерлерде зорлық-зомбылық фактілерінен зардап шеккендерді келесі жолдармен анықтай алады:

1) оқушының көңіл-күйі мен мінез-құлқының өзгеруін, құрдастарымен қарым-қатынасының болмауын, мектепке барғысы келмеуін, сабактарды босатуын, оку жетістіктерінің төмендеуін, агрессивті, деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлқытың пайда болуын бақылау;

2) қатарлас агрессорлардың, ересек агрессорлардың (филиал қызметкерлерінің, оқушылардың, занды өкілдердің) мінез-құлқын бақылау, олардың мінез-құлқының өзгеру себептерін нақтылау;

3) бақылау картасына (6-қосымша) сәйкес зорлық-зомбылық көрген/бастаң кешірген оқушыларға тән дene және мінез-құлқы көріністерін бағалау үшін филиал қызметкерлерінен ақпарат жинау;

4) эссе, суреттер және оқушылардың шығармашылық қызметінің басқа да өнімдерін талдау, оқушылармен өткізілетін проективтік әдістемелердің, рөлдік ойындардың нәтижелерін түсіндіру және талдау;

5) оқушылардың өмірі, өмірдегі қын жағдайлары, олар басынан өткерген зардапты оқиғалар, отбасылық даму жағдайлары туралы әртүрлі дереккөздерден ақпарат жинау;

6) сұрақтар тізбесіне (7-қосымша) сәйкес оқушыға қатысты жасалған зорлық- зомбылық түрін анықтау үшін зардап шеккен оқушылармен әңгіме-сұхбат жасау;

7) әлеуметтік желілердегі оқушылардың сауламаларын талдау, оқушылардың желідегі парақшалары мен пайдаланушылық белсенділігін мониторингілеу;

8) отбасылық даму жағдайын, әлеуметтік өмір сүру деңгейін, оның өміріне әсер еткен маңызды оқиғаларды бағалау мақсатында окушының тұратын жеріне бару және т.б.;

32. Филиал қызметкерлері мектепте оқушыларға, филиал қызметкерлеріне, заңды өкілдерге оқушыларға қатысты күдік, зорлық-зомбылық фактілері туралы хабарлауға мүмкіндік беретін атмосфера құруы қажет, МҚҚ мүшелерінің телефон нөмірлері мен электрондық мекенжайлары барлық жерде қолжетімді болуы тиіс.

8.3. Тәуекелді бағалау, есептілік, жағдайлар мониторингі

33. МҚҚ қызметкерлері оқушылардың деңсаулығы мен өміріне зардалу жағдайына, зардаптың деңгейіне 3 фактор: ықтимал қауіп-қатер факторлары, осалдық факторлары, қорғау факторлары бойынша әділ баға беруі қажет және тиісті хаттамаларды (8-қосымша) толтыруы керек.

34. МҚҚ басшысы және/немесе жауапты қызметкері тұрақты негізде мектепте, мектептен тыс, оның ішінде, үйде оқушыларға қатысты қатыгез қарым-қатынас фактілері туралы ақпараттар мен хабарламалар негізінде оқу жылындағы инциденттерді есепке алуға арналған арнайы электрондық журнал жүргізеді (9-қосымша).

35. Филиалда электрондық журналды Ұйымның барлық филиалдары бойынша қарау, талдау, мониторингілеу, жинақтауды және Ұйым Төрағасының осы мәселе бойынша жетекшілік ететін орынбасарының алдында есеп беруді жүзеге асыратын Ұйымның сау-саламат мәселелерін үйлестіруші құрылымдық бөлімшесінің уәкілетті қызметкеріне ақпаратқа қолжетімділікті ұсына отырып, МҚҚ қызметкерлері жүргізеді.

36. Оқу жылы ішінде арнайы журналда есепке алуға мынадай сандық көрсеткіштер жатады (есепті кезең – тоқсан сайын, әрбір оқу жылында):

1) зорлық-зомбылық түрлері бойынша оқушылар арасында тіркелген инциденттердің саны (қорлау, психологиялық, физикалық, сексуалдық зорлық-зомбылық, қорқыту, қысым көрсету және интернеттегі қауіпті мінез-құлық);

2) зорлық-зомбылық түрлері бойынша анықталған зорлық-зомбылықтың бастамашысы және/немесе агрессор оқушылардың саны;

3) зорлық-зомбылық түрлері бойынша оқушылар тарапынан анықталған зорлық-зомбылық құрбандарының (зардап шеккендердің) саны;

4) есепті кезеңде зорлық-зомбылық түрлері бойынша анықталған зорлық-зомбылыққа күә болған оқушылар саны;

5) зорлық-зомбылық түрлері бойынша жоғары қауіп-қатер тобына енген оқушылар саны;

6) мектепте дene жарақатын алған оқушылар саны;

7) ювеналдық полицияда есепте тұрған оқушылар саны;

8) зорлық-зомбылық түрлері бойынша басқа оқушыларға қатысты агрессивті мінез-құлыққа және/немесе зорлық-зомбылыққа байланысты педагогикалық кеңестің шешімімен мектептен шығарылған оқушылар саны;

9) зорлық-зомбылық түрлері бойынша басқа оқушыларға қатысты агрессивті мінез-құлыққа, зорлық-зомбылыққа байланысты басқа мектептерге ауыстырылған оқушылар саны;

10) агрессивті мінез-құлыққа, оларға қатысты зорлық-зомбылыққа байланысты мектепте ұзақ уақыт болмаған оқушылар саны;

11) зорлық-зомбылық түрлері бойынша филиал қызметкерлері тарарапынан зорлық-зомбылық құрбаны болған (зардап шеккен) оқушылар саны;

12) оқушылармен қатыгез қарым-қатынасқа байланысты қызметінен босатылған филиал қызметкерлерінің саны.

37. ДББҰ-ның, сыртқы ұйымдардың филиалдары және/немесе өкілдері жарты жылда бір рет келесі индикаторлар бойынша профилактикалық бағдарламаларға мониторинг және бағалау жүргізеді:

1) оқушыларға қатысты зорлық-зомбылық мәселелерін шешуге филиал әкімшілігінің қатысуы және мүдделілігі;

2) мектеп қауіпсіздігі қызметі жұмысының тиімділігі;

3) оқушыларды қорғау және олардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша филиал қызметкерлерін, занды өкілдері мен оқушыларды оқытуды уақтылы жүргізу;

4) әлеуметтік, жеке және медициналық ағарту арқылы оқушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытуға (тану, өзіне-өзі көмек көрсету, көмекке жүргіну) арналған сабактағы және сабактан тыс іс-шараларда оқушылардың қауіпсіздігі мен қорғалуының компоненттерінің болуы;

5) жағдайдың аяқталуын бағалау (оқушының және оның айналасындағы жағымды мінез-құлық өзгерістері пайда болғанға дейін көңіл күйді тұрақтандыру, өмір тонусын жоғарылату, сыныптағы, мектептегі өзара әрекеттерге қатысу, бала – ата-ана қатынастарын, отбасылық өзара қарым-қатынасты жақсарту).

38. Филиалдың профилактикалық іс-шараларының тиімділігін мониторингілеу ісі сауалнама жүргізу, мүдделі тараптармен әңгімелесу, нормативтік құжаттарға, есептерге, іс-шаралар жоспарларына және басқа да құжаттарға шолу жасау арқылы жүргізуі мүмкін. Филиал және/немесе ДББҰ, сыртқы ұйымдар сауалнама, дәлелдемелер (әңгімелесулер, есептер, құжаттарға шолу) нәтижелерін зерделеу кезінде әрбір индикатор бойынша тиімділік дәрежесін мынадай шекіл бойынша бағалайды:

1. Толық сәйкес келеді
2. Жеткілікті дәрежеде сәйкес келеді
3. Ішінше сәйкес келеді
4. Сәйкес келмейді

39. Мониторинг жылына 2 рет (әрбір күнтізбелік жылдың маусым және желтоқсан айларында) жүргізіледі. Мониторинг қорытындылары бойынша Саясатқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуі мүмкін.

9. Оқушылармен қатыгез қарым-қатынас жағдайларында әрекет ету

9.1. Оқушылармен қатыгез қарым-қатынас жағдайын тәртіптік тергеу

40. Филиал әкімшілігі оқушыларға қатысты қатыгез қарым-қатынас туралы ақпарат алған кезде келесі әрекеттерді жүзеге асырады:

1) филиал қызметкерлерінің кесіби жарамдылығын бағалау үшін құқық бұзушының әңгімесін зардал шеккен оқушының және басқа адамдардың көрсеткіштерімен салыстыра отырып, жағдайды тәртіптік тексеруді үйымдастырады және жүргізеді;

2) болжамды құқық бұзушымен қарым-қатынас кезінде ашықтық және айқындық қағидаттарын ұстанады, айыптаулардың сипатына түсініктеме беріп, тергеу процесі мен оның ықтимал салдарлары туралы хабардар етеді;

3) болжалды құқық бұзушыны қолдауды қамтамасыз ету: мектеп қызметкерлері арасында байланысатын адамды тағайындайды, құқықтық, психологиялық кеңес беру қомегіне жүргінуге жәрдемдеседі;

4) тергеу жүргізу кезінде басқа оқушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмеу үшін болжамды құқық бұзушыға қатысты филиал басшысы келесілерге жол бермеуі тиіс:

– құпиялыштық сақтау туралы, ақпаратты ашудан бас тарту туралы келісімге қол қоюға;

– "тыныш кету" мүмкіндігі туралы келісім жасасуға, бітімгершілік келісімге келуге, өз еркімен жұмыстан босатуға, қызметкермен проблеманы жою құралы ретінде келісімшартты ұзартпауга;

– оқушыны оқудан шығаруға, оны басқа білім беру мекемесіне аудиностыруға, академиялық демалыс беруге және т.б.;

– құқық қорғау органдарына жүгінген және сот талқылаулары басталған жағдайларда заңды өкілдерге қысым көрсетуге.

9.2. Болжамды құқық бұзушыға қатысты жауапкершілік шаралары

41. Тергеу аяқталған жағдайда болжамды құқық бұзушыға құқықбұзушылықтың сипатына қарай ҚР заңнамасына сәйкес әкімшілік, тәртіптік, қылмыстық сипаттағы шаралар қолданылады.

1) заңды өкіл тарапынан қатыгездікпен қарау туралы айыптаулар болмаған жағдайда оқиғаны тәртіптік комиссия (оқушыларға қатысты), филиалдың тәртіптік кеңесі (филиал қызметкерлеріне қатысты) қарайды;

2) оқушыларға қатал қарау фактісі, оқушылардың заңды өкілі тарапынан айыптау фактісі болған жағдайда филиал басшысы оқиға туралы құқық қорғау органдарына, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау органдарына хабарлайды;

3) екі жағдайда да филиал басшысы ДББҰ-ға оқушылардың сау-саламаты мәселелерін үйлестіретін құрылымдық бөлімшеге хабарлайды.

9.3. Оқушыларды қорғау және олардың қауіпсіздігі үшін филиал әкімшілігінің әрекет ету алгоритмі

42. Оқушылармен қатыгез қарым-қатынас жағдайлары анықталған жағдайда филиал әкімшілігі:

1) зардап шеккен оқушыны қатыгез қарым-қатынас жасады деп күдік келтірілген адамнан оқшаулауға, бала үшін қауіпсіз және жайлы ортаны қамтамасыз етуге міндетті;

2) қажет болған жағдайда зардап шеккен оқушыға алғашқы медициналық көмек көрсетуге міндетті;

3) оқиға туралы оқушының заңды өкілдерін хабардар етуге, оқушылармен барлық әңгімелерді олардың қатысуымен жүзеге асыруға міндетті;

4) құқық қорғау органдарына, Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі үекілдепті үйымдарға, медициналық үйымдарға дереу хабарлауы (жағдайдың сипатына қарай) тиіс;

5) МҚҚ ықтимал қауіп-қатер дәрежесін бағалайды, зардап шегушінің мектепте де, одан тыс жерде де қауіпсіздік жоспарын әзірлейді және іске асырады;

6) МҚҚ зардап шеккен оқушыға көмек және қолдау жоспарын жасайды;

7) МҚҚ тиімсіз нормативтік құжаттарға, филиал Саясатына, өзгерістер мен толықтырулар енгізеді (мысалы, егер оқушылардың әлеуметтік желілерінде әдепсіз фотосуреттерді, суреттерді орналастыру саны көбейсе, осы тақырыпқа арналған сабактар өткізу қажет).

9.4. Зардап шеккен оқушылармен саудалнама/ әңгіме жүргізу ресімдері

43. Зардап шеккен оқушылармен, басқа да оқушылармен, филиалдардың қызыметкерлерімен алғашқы әңгімелесу кезінде келесілер ескерілуі тиіс:

1) сабырлық пен тілеквестік сақтау;

2) оқушыны мұқият тындау;

3) оқушыны не болғаны туралы айтып, дұрыс әрекет еткеніне сендейту;

4) онымен диалог жүргізу, инцидент бойынша ақпарат жинау және жағдайды нақтылау үшін ғана қажетті және аз сұрақтар қою;

5) оқушының жаңын қайта жарақаттамау үшін айтқандарын қайталауды сұрамау;

6) оқушының іс-әрекетін "бағыттамау", өз идеяларын, болжамдары мен тұжырымдарын ұсынбау, оның іс-әрекетін бағалау;

7) оқушының маңызды сәттерді есіне түсіруіне кедергі жасамау;

8) қажетті көмек көрсету және мәселені шешу үшін кейбір (бірен-саран) адамдарды туындаған жағдай туралы хабардар ету қажеттігі туралы оқушыға ескерту;

9) оқиғаны оқушы қалай айтып берсе, сол қалпында толық және сөзбесөз жазып алу;

10) жазбаша хаттама жасау;

11) филиал әкімшілігіне, Ұйымға ақпаратты ұсыну.

44. Белсенділік танытып, зорлық-зомбылық фактілерін хабарлайтын немесе сенімді ақпарат негізінде оқушыларды қауіп-қатерге душар етуі, қатыгез қарым-қатынас тудыруы мүмкін әріптердің мінез-құлқына, мектеп қызметіне қатысты айып тағатын филиал қызметкері филиал әкімшілігі тарапынан қудалаудан және/немесе тәртіптік іс-әрекеттерден қорғануға сенім арта алады.

10. Зардап шеккен оқушыларға көмек, психологиялық-педагогикалық оңалту

45. Филиал қызметкерлері оқушылардың бастан кешкен жағымсыз тәжірибелерін, зардаптарын, қындықтарын женуі үшін оңалту сипатындағы психологиялық-педагогикалық көмек көрсетеді:

- 1) мектепте, отбасында, мектептен тыс тұрақты және қауіпсіз жағдай жасау үшін баланың өмірін қалыпқа келтіру;
- 2) эмоционалдық қолдау және психологиялық-педагогикалық көмек;
- 3) жағымсыз тәжірибелі қайта ой елегінен өткізуге және оқушыға ішкі/психологиялық кедергілерді және мінез-құлышқтағы өзгерістерді женуге көмектесу;
- 4) балаға жағымсыз эмоционалдық жағдайларды жену дағдыларын игерту және қауіпсіз мінез-құлышты үйрету (көмек пен өзіне-өзі көмек көрсету, өз сезімдерін басқару).

46. Оқушыға көмек және қолдау жоспары жеке тұлғаның күшті жақтарын, оның өсу-даму аймақтарын: қарым-қатынас дағдыларын, өзін-өзі бағалауды қайта құруды, мінез-құлыштың әдеттегі (автоматты) стратегияларын түсінуді, жаңа сезімдерге, ойларға, эмоцияларға қайта үйретуді қамтуы керек.

47. Оқушыларға қатысты қатыгез қарым-қатынас болған жағдайда оқушылардың, заңды өкілдерінің бала құқықтарын қорғаумен айналысадын салааралық сыртқы ұйымдарға жүргінуі үшін оларды сондай ведомстволардың, ұйымдардың, мекемелердің тізбесімен (10-қосымша) таныстыру, тарату және тізбесін үнемі жаңартып отыру қажет.

11. Жауапкершілік

48. Филиалдардың қызметкерлері мен оқушылары, заңды өкілдері және өзге де тұлғалар филиалдардың оқушыларына қатыгездікпен қарағаны, сондай-ақ қатыгездікпен қарау туралы ақпаратты жасырғаны, жалған ақпарат бергені және айыптағаны үшін Ұйымның бекітілген нормативтік актілеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

12. Қорытынды ережелер

49. Филиалдар әкімшілігі осы Саясатты филиалдар қызметкерлерінің, оқушылардың және олардың заңды өкілдерінің назарына жеткізеді.

50. Осы Саясатта қозғалмаған мәселелер Ұйымның бекітілген нормативтік актілеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

"___" 2021ж. (хаттама №___) ДББУ Басқармасының шешімімен бекітілген "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйімі филиалдарының оқушыларын қорғау Саясатына

1 Қосымша

Оқушыларға қатыгез қарым-қатынас түрлерін жіктеу, белгілері, оқушылардың дамуы үшін салдары.

Зорлық-зомбылық түрі	Формалары мен белгілері (сыртқы және мінезд-құлық)	Факторлары	Оқушылардың дамуы үшін салдары
Физикалық зорлық-зомбылық	<p>Формалары: дene жарақаттарын салу мен зақым келтіру, тұрақты физикалық жазалар, қасақана үй, баспана, тамақ және күтімнен айыру, психоактивті және есенгіреттін заттарды қолдануға тарту, ата-аналардың жеке мақсаттары үшін әдейі ауру белгілерін шақыру және ынталандыру (Мунгаузен синдромы)</p> <p>Сыртқы белгілері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқушының денесінде абразиялардың, көгерулердің болуы, жаралар, сызаттар, тыртықтар (жаңа сияқты, және ерте), қан ұйылуы, ісіктер, соққылардың іздері; - көз алмасына қан құйылу; - мойнында тұншықтыру белгілері (белдік тоғасы, бау, саусақ іздері); - ыстық заттармен және темекімен күйдіру, күйіктер, қол мен аяқтың ыстық сұйықтықтармен қолғап немесе шұлышқа сияқты (ыстық суға батырудан), сондай-ақ бөксерсінде; шымшығанның, тістеудің іздері; - сынған және босаған тістер, ауызында, еріндерінде, күлақтарында жырықтар; басында шаш түскен аймақтары; - есін жоғалту, жүрек айнуы, құсу, соққыдан бас ауруы; - дene дамуының тежелуі (салмағы, бойы) <p>Мінезд-құлық белгілері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқушылардың көңіл-күйі мен мінезд-құлқының өзгеруі (түйік болып кетті, қарым-қатынастан шеттенеді, сабырлы болған, агрессивті болды); 	<p>Отбасылық факторлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - дene жазасы балаларды тәрбиелеудің жол берілетін әдісі болып табылатын отбасылар; - ішімдік ішетін ата-аналар (маскүнем); - нашақорлар, токсикомандар; - психикалық аурулары бар, туыстарының қайтыс болуына, ауруына, жұмысын жоғалтуына, қоныс аударуға, экономикалық дағдарысқа байланысты стресстік жағдайдағы; - жанжалдар, келіспеушіліктер жиі болатын отбасылар; - балаға жоғары үміт артатын ата-аналар; - олардың жасына және даму деңгейіне сәйкес келмейтін балаларға шамадан тыс талаптар қоятын ата-аналар 	<ul style="list-style-type: none"> - құрдастарымен қарым-қатынастағы қындықтар; - оку ұлгерімінің, мектепке, қоршаған ортаға қызығушылықтың төмендеуі; - денсаулығының нашарлығы, жиі кездесетін аурулар, оның ішінде бас ауруы, үйқының қындауы және т. б.; - қарым-қатынасқа деген ұмтылыстың болмауы, жалғыздыққа ұмтылу; - тамақтанудың бұзылуы (артық тамақтану, салмағындағы елеулі өзгерістер); - агрессивті, демонстрациялық мінезд-құлық; - бейәлеуметтік, девиантты мінезд-құлық; - психоактивті заттарды қолдану; - өзіне зақым келтіру; - виртуалды әлемді ғана қалау, шектелу; - психопатология

	<ul style="list-style-type: none"> - ересектерге, атап айтқанда, сенім қарым-қатынасы норма болып табылатын адамдарға сенімсіздік; - ересектерден қорқу және қорқыныш (қол тигізгенде, жақындағанда); - шаршау және пассивтілік; - оқуға, мектепке барғысы келмеуі; - зейін шоғырландыруының, оқу материалын есте сақтаудың төмендеуі; - ересектермен қарым-қатынаста көңіл мен жылуды іздеуде. 		
Психологиялық/эмоционалдық зорлық- зомбылық	<p>Психологиялық зорлық-зомбылықтың формалары: үнемі сын, мазақ ету, қорлау, дүшпандық, көшілік алдында оқушыны/оның жақындарын қорқыту, оларға зорлық-зомбылық жасау қаупі, алдау және айла-шарғы жасау, негізсіз жоғары үміт, оқушының құрдастарымен немесе оның ортасындағы ересектермен әлеуметтік байланыстарын негізсіз шектеу немесе тыйым салу, оқушыны өзінің көзқарасы, сезімдері, тілектері болу құқығынан айыру, оның даму деңгейіне сәйкес келмейтін мінез-құлықты қалыптастыру және т. б..</p> <p>Белгілері: балаға ауызша түрде, іс-әрекетте жазбаша түрде қорқыту, сондай-ақ интернетті, әлеуметтік желілерде (кибербуллинг);</p> <ul style="list-style-type: none"> - айтылған ескертулер баланың қадір-қасиетін қорлайтын; - баланы қажеттіліктен айыру, оның негізгі қажеттіліктерін елемеу: қауіпсіз орта, қамқорлық және сүйіспеншілік; - оның жасына немесе мүмкіндіктеріне сәйкес емес балаға шамадан тыс талаптар қою; - баланы әдейі физикалық немесе әлеуметтік оқшаулау; - ересектердің өз уәделерін орындауы немесе өтірік айтуы; - баланы қоғамға қарсы әрекетке, деструктивті мінез-құлыққа (ұрлық, оның ішінде суицидтік емес және 	<p>Отбасылық факторлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - зорлық- зомбылық қарым-қатынас стилі болып табылатын отбасылар және әлеуметтік- экономикалық мәртебесі төмен, психологиялық қолайсыздық; - сүйемейтін туыстарына әйеліне / қүйеүіне ұқсас оқушылар, қалаусызың жүктілік; - денсаулығы нашар, мугедектер; - деспотизмнің болуы, авторитарлық ата-аналар, тәрбиенің бақылауышы стилімен; - ішімдік, есірткі қолданатын, депрессиядан және психологиялық мәселелерден зардал шегетін ата-аналар 	<ul style="list-style-type: none"> - өмірді дүшпандықпен қабылдау; - үйқының және тамақтанудың бұзылуы; - қарым-қатынас жасай алмау, айналасындағылармен қарым-қатынас құра алмау; - үлгерімі нашар; - өзін-өзі бағалаудың төмендігі; - басқаларға агрессивтілік, жанжалдарға, келіспеушіліктер, төбелес; - жалғыздыққа әуестік; - шамадан тыс жағымпаздық; - физикалық, әлеуметтік-эмоционалдық- еріктік дамуының кешігуі; - әлеуметтік- эмоционалдық жетілмегендік; - үрей, фобия; - невроз және невротикалық ауытқулар; - агрессивті мінез- құлық; - аутодеструктивті мінез- құлық (соның ішінде суицидалды және суицидалды емес

	<p>алаяқтыққа, маскұнемдікке, нашақорлық және т. б.) тарту немесе ынталандыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> - балаға психологиялық жарақат әкелетін бір реттік өрескел психологиялық әсер; - терроризм (өлтірем деп қорқыту, физикалық зиян келтіру, қауіпті және қорқынышты жерге апару). <p>Буллинг- мектеп ортасындағы белгілі бір окушыға (зардан шегушіге) қатысты басқа окушылар (агрессорлар), мектеп қызметкерлері тараапынан зорлық- зомбылықтың барлық түрлерін қамтитын "тән日益" түрі :</p> <ol style="list-style-type: none"> ұрып-соғу, дene жарақатын салу түріндегі физикалық зорлық-зомбылық; корлау, қорқыту түріндегі психологиялық зорлық-зомбылық; қысым көрсету, мәжбүрлеу түріндегі сексуалдық зорлық-зомбылық бұлдіргіш сипаттағы әрекеттерге: әртүрлі сексуалдық сипаттағы баланың жыныстық мүшелеріне тиісу, сондай-ақ тікелей жыныстық қатынас. 		<p>сипаттағы);</p> <ul style="list-style-type: none"> - жарақаттан кейінгі бұзылыс (ПТРС);
Сексуалдық зорлық- зомбылық	<p>Формалары: физикалық байланыстарды қамтуы мүмкін (сүю, жанасу және интимных аймақтарын аймалау, мастурбация және және т. б.), сондай-ақ байланыссыз әрекеттер (окушыларды жыныстық сипаттағы сурет көруге тарту, жыныстық ынталандыру, жыныстық мәжбүрлеу, оның ішінде интернет арқылы), окушыны кез келген заңсыз жыныстық қызметпен айналысуга итермелуе немесе көндіру, баланы жөзөкшелікте пайдалану немесе басқа заңсыз сексуалдық тәжірибемен, интернеттегі порнографиялық демонстрацияларда, суреттер мен материалдарда балаларды пайдалану, жыныстық процедуralар кезінде балаға қарау (вуайеризм), сондай-ақ баланы шешінуге, жалаңаш көрсетуге мәжбүрлеу (экспибиционизм);</p> <p>Физикалық белгілері:</p>	<p>Авторитарлық тәрбие стилі, баланың ата-анаымен, әсіресе анаымен нашар қарым-қатынасы бар отбасылар арасындағы қарым-қатынас қайшылығы, әртүрлі себептермен ананың ұзақ уақыт болмауы (жұмыста болуы, ұзақ уақыт ауруханада және т. б.);</p> <ul style="list-style-type: none"> - өгей әкесі бар немесе анаымен бірге тұратын адамы бар отбасылар; - ата-аналар- маскұнемдер, нашақорлар, токсикомандар, психикалық аурулары бар, балалық шақта сексуалдық зорлық-зомбылыққа ұшыраған ата- аналар 	<ul style="list-style-type: none"> - әдеттегі өмір салтының құрт езгеруі; - суицидалдық мінез- құлықка бейімділік; - қорқыныш, фобия, психикалық бұзылулар; - автоагрессия, өзіне зақым келтіру, өзіне-өзі зиян келтіру мінез-құлық; - жылау, жалғыздық, достарының болмауы; - жануарларға, адамдарға, қатарластарына қатыгездікпен қарау; - болашақта некеде немесе көрісінше "жәбірленуушінің мінез-құлқы»;

